

#Кепілді кредитті онлайн ресімдеу бойынша клиентке арналған жадынама

- 1[→] **Кредит калькуляторының** көмегімен төлемді есептеңіз
- 2[→] **«Толығырақ»** батырмасын басып, кредит беру шарттарымен және жылжымайтын мүлікке қойылатын талаптармен танысыңыз
- 3[→] Кредитті мақұлдау мүмкіндігін арттырыңыз! Қолданыстағы кредиттер тізімінен шарттарға қол қойғанға дейін өтей алатын немесе өтеп қойған қарыздарыңызды таңдаңыз
- 4[→] Өтінім бойынша **алдын ала шешім** алыңыз
- 5[→] **ТБК есебін (бағалау есебін) дайындаңыз.** Ол үшін кез келген тәуелсіз бағалаушыдан жылжымайтын мүлікті бағалауға тапсырыс беріңіз

Егер кепіл нысаны **пәтер** болса және **кепілгер тартылмаса**, ресімдеуді **онлайн** жалғастырыңыз

Егер кепіл нысаны **тұрғын үй, жапсарлас коммерциялық жылжымайтын мүлік** болса немесе **кепілгер тартуды** жоспарласаңыз, ресімдеуді жалғастыру үшін **Банк бөлімшесіне** барыңыз

6[→] Кредитті онлайн ресімдеген кезде келесі құжаттарды жүктеңіз:

- ТБК есебі мен төлем түбіртегі
- Жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттар
- Тексеру үшін жылжымайтын мүлік нысанының техникалық (кадастрлық) паспорты

7[→] Егер кредитті қосымша табыс арқылы ресімдесеңіз немесе тізімдегі арнайы мамандықтардың бірін таңдасаңыз, табысыңызды растайтын құжаттарды тіркеңіз

8[→] Түпкілікті шешім алыңыз. Кредит шарттарымен танысыңыз

9[→] Ресімдеуді жалғастыру үшін келесі құжаттарды жүктеңіз:

- Кепілге қоюға нотариус растаған өтініш/ келісім (меншік нысанына қарай)
- Қарыздардың өтелгені туралы анықтамалар (өтінімді ресімдегенде қолданыстағы кредиттер тізімінен таңдаған кезде)

10 Сақтандыру ақысын немесе комиссияны төлеңіз (өнімнің талаптарына байланысты). Төлем жасау үшін ағымдағы немесе карта шотын қажетті сомаға толықтырыңыз

11 Құжаттарға **биометрияны пайдаланып онлайн** қол қойыңыз.

12 Құжаттарды тексеру

13 Мемлекеттік бажды төлеу және банктің ауыртпалығын тіркеу

14 Дайын! Қарыз берілді!



Маңызды: Пәтер кепілге қойылған және кепілгер болмаған жағдайда ғана ресімдеуді толықтай онлайн жалғастыруға болады. Қалған барлық жағдайда Банк бөлімшесіне бару қажет

Жиі қойылатын сұрақтар

Жылжымайтын мүлікті бағалау есебін (ТБК есебін) қалай дайындайды?

- ➔ Кез келген тәуелсіз бағалаушыдан жылжымайтын мүлікті бағалауға тапсырыс беріп, Банкке ұсыну үшін ТБК есебі мен **төлем түбіртегін** алу қажет

Қарызды ресімдеу үшін қандай құжаттар қажет?

- ➔ Қарызды ресімдеу үшін келесі құжаттарды дайындаңыз:
- Жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін барлық құжат
- Жылжымайтын мүлік нысанының техникалық (кадастрлық) паспорты
- Кепілге қоюға нотариус растаған өтініш/келісім

Құжаттарды **түпнұсқаларынан** сканерлеп, өтінімге тіркеу қажет

Жиі қойылатын сұрақтар

Қандай файл форматтарына рұқсат етіледі?

- ➔ Өтінімге **PDF, JPEG, PNG** форматындағы құжаттарды жүктеуге болады
- ➔ Файлдың ең үлкен көлемі – **15 МБ.**



Бейне нұсқаулық

Маңызды: Пәтер кепілге қойылған және кепілгер болмаған жағдайда ғана ресімдеуді толықтай онлайн жалғастыруға болады. Қалған барлық жағдайда ресімдеуді жалғастыру үшін Банк бөлімшесіне бару қажет

Өтініміңіз алдын ала шешім бойынша мақұлданбаған жағдайда не істеу керек?

Өтінім алдын ала қаралған кезде мақұлданбаса, сіз:

- ➔ Кеңес алу үшін **Банк бөлімшесіне** бара аласыз
- ➔ Мүмкіндігіңіз болса, **кепілгер тарта аласыз**, бұл қарызды мақұлдау ықтималдығын арттыруы мүмкін
- ➔ Өтінімді әрі қарай ресімдеудің ықтимал нұсқаларын Банк қызметкерінен нақтылай аласыз



Қосымша сұрақтарыңыз болса, **0505** нөміріне хабарласыңыз



WhatsApp арқылы жазыңыз

Маңызды: Банк құжаттардың толық жиынтығын қарап шығып, кредит беру шарттарының барлығын бағалағаннан кейін түпкілікті шешім қабылдайды

ҚНРДА 05.08.2026 ж. берген № 11.856.145 әмбебап банк лицензиясы. Қарыз алушының жауапкершілігі туралы толығырақ bss.kz сайтында